

Махамбетов Нияз

1921 жылы Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қызбел ауылында туған. Әскерге Федоров АӘК шақырылып, соғысты 125- атқыштар полкі құрамында Сталинградты қорғауға қатысқан. Қала ішіндегі ұрыста қоршауда қалып, 1942 жылдың қараша айында жау қолына тұтқынға түседі. Совет әскері тұтқыннан босатады. Тиісті орындардың тексеруінен кейін «Отанын сатқан» деп сотталды. 1952 жылы ақталып елге оралады. Соғыстағы ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және 5 мерекелік медальмен марапатталған. Көп жыл бойы аудандық коммуналдық мекемеде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шығады. 2006 жылы қайтыс болған.





